



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ
Психологиялық қызмет

**Бірінші курс студенттерінің психологиялық жағдайын,
бейімделуін бақылауға арналған сауалнама нәтижесі**
2024 -2025 оқу жылы

Атырау - 2024 жыл

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің I курс студенттерінің психологиялық жағдайын, бейімделуін бақылуға арналған сауалнаманы талдау

Психологиялық қызмет 1 курс студенттеріне «Оқу процесіне бейімделу» сауалнамасын жыл сайын тұрақты түрде өткізіп отырады. Сауалнама мақсаты 1 курс білім алушыларының психологиялық денсаулық жағдайын мониторингілеу және бейімделу ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеу үшін әр түрлі факультеттердің 1 курс студенттеріне электронды нұсқада «Google Формасында» оларды бір уақытта тестілеу қарастырылған.

Мақсаты - студенттердің алғашқы бейімделуінің жалпы жағдайын және жоғары қауіпті аймақтарын анықтау.

Зерттеу барысы:

1 курс студенттеріне арнайы электронды нұсқада «Google Формасында» 15 сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылды. Атап айтар болсақ:

1. Инновациялық білім беру факультеті;
2. Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдар факультеті;
3. Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті;
4. Гуманитарлық және өнер факультеті;
5. Экономика және құқық факультеті;
6. Көптілді білім беру факультеті;

Зерттеуге барлығы 1 курстың 538 студенті қатысты.

Сауалнамаларды психологиялық қызмет мамандары дайындады.

Сауалнама барысы:

Сіздің факультетіңіз?



1. Сіз неліктен осы университетті таңдадыңыз? / Почему вы выбрали именно наш университет?




Студенттер университеттің географиялық орналасуын, оқу ақысының қолжетімділігін және ЖОО беделін таңдаудың басты себебі ретінде көрсеткен.

2. Сіз не себепті осы мамандықты таңдадыңыз? / Что вас привлекает в выбранной специальности?



Мамандықты таңдағанда студенттер өз қызығушылығы, болашақтағы еңбек нарығындағы сұраныс және жеке бейімділікпен байланыстырған.

3. Сіз университеттің ішкі тәртібіне бейімделдіңіз бе? / Приспособились ли вы к внутреннему режиму университета?




Студенттердің 97,8%-дан астамы толық бейімделгенін көрсеткен, бұл оқу форматы мен университет талаптарын түсінуге деген дайындықты білдіреді.

4. Студенттік өмірге бейімделу? / Приспосабливается к студенческой жизни?




88,5% шамасында оң жауап берген. Бұл жастардың әлеуметтік ортаға тез икемделе алатынын аңғартады.

5. Сіз ортада өзіңізді жайлы сезінесіз бе? / Комфортно ли вы чувствуете себя в группе?




Студенттердің 95%-ы топта өздерін жайлы сезінетіндерін айтқан. Бұл топ ішіндегі психологиялық ахуалдың жақсы екенін көрсетеді.

6. Топта сізді жақсы қарсы алды ма? / Хорошо ли к вам относятся в группе?




Студенттердің 98,1% – иә деп жауап берген. Топішілік қолдаудың жоғары екенін көрсетеді.

7. Сіз ұжымда кез-келген істің көшбасшысы, ұйымдастырушысы бола аласыз ба? / Можно ли вас назвать лидером, организатором каких-либо дел в коллективе?




Тек 61,5%-ы ғана өздерін көшбасшы ретінде сезінетінін айтқан. Бұл – өзін-өзі бағалау мен белсенділіктің орташа деңгейде екенін білдіреді.

8. Университетте оқу барысында жаңа студенттік достар таптыңыз ба?
/ Появились ли у вас новые друзья в университете или в группе?




97%-ға жуық студент университетте жаңа достар тапқанын айтқан. Бұл бейімделудің оң әлеуметтік аспектісі.

9. Сіз адамдармен қарым-қатынас жасауда қиындықтарға тап боласыз ба?
/ Испытываете ли вы трудности в общении?



Студенттердің 81,6% студенттердің қарым-қатынас жасауда қиындық жоқ десе, 18,4% студент осындай қиындық сезінетінін көрсеткен. Бұл студенттерге психологиялық көмек көрсетіледі.

10. Сіз мазасыздықты сезінесіз бе? / Испытываете ли вы беспокойство?




81,4% студент мазасыздықтың жоқ екенін көрсетсе, 18,6% мазасыздық бар екенін мойындаған.

11.Бейімделуге қиындық туғызған жағдайлар? / Ситуации, которые мешали адаптироваться?




Студенттердің бейімделуіне қиындық туғызған жағдайларға топтағы қарым-қатынас, оқытушылармен тіл табысуды көрсеткен.

12.Сізде студенттермен араңызда жанжалдар болды ма? / Были ли у вас с конфликты с однокурсниками?




95,7% студент жанжалболған жоқ десе, 4,3% студент жанжалдар бойынша қиындықтар болғандығын көрсеткен.

13.Оқытушылармен араңызда келіспеушіліктер болды ма? / Были ли у вас конфликты с преподавателями?




96,1% студенттер оқытушылармен қарым-қатынастарын оң бағаланған.

14.Топ кураторымен араңызда келіспеушіліктер болдыма? / Был ли у вас конфликт с куратором группы?



Студенттер мұндай келіспеушілік болмағанын көрсеткен. Бұл кураторлармен жақсы қарым-қатынастың белгісі.

15.Қазіргі таңда сізде қандай қиыншылықтар кездесуде? / С какими трудностями вы сейчас сталкиваетесь?



Жауаптарда жиі кездесетін мәселелер: уақытты тиімді бөле алмау, отбасылық сағыныш, қаржылық тапшылық.

Сауалнаманың нәтижелері:

Сауалнамаға қатысқан студент саны: 538 (1 курс студенттері)

Жоғары бағаланған көрсеткіштер (85%+ бейімделу деңгейі):

- Университеттің ішкі тәртібіне бейімделген – 97,8%
- Студенттік өмірге бейімделген – 88.5%
- Топта өзін жайлы сезінеді – 95%
- Жаңа достар тапқан – 97%
- Топ кураторымен қарым-қатынас жақсы – 98.7%

- Оқытушылармен келіспеушілік жоқ – 96.1%
- Топта жақсы қарым-қатынаста – 81.6%
- Жанжалдық жағдайларға тап болған – 95.7%
- Университетке бейімделуде қиындық болды – 97.8%

Орташа бағаланған көрсеткіштер (70–85%):

- Көшбасшылық қабілетін таныта аламын – 61,5%
- Қарым-қатынас қиындықтарын сезбейді – 81.6%

2.Ұсыныстар:

- 1. Психологиялық тренингтер өткізу**
 - Стресс, мазасыздық, жалғыздықты төмендетуге арналған бағытталған бағдарламалар.
- 2. Көшбасшылық қасиетті дамыту**
 - Коммуникативтік дағдыларға арналған курстар.
- 3. «Buddy system» енгізу**
 - Бірінші курс студентіне жоғарғы курс студентін бекіту арқылы қолдау көрсету.

3.SWOT Талдау

Күшті жақтар (Strengths)	- Университет тәртібіне тез бейімделу - Достық қарым-қатынас және жылы қабылдау - Жаңа достар табу деңгейі жоғары
Әлсіз жақтар (Weaknesses)	- Қарым-қатынас қиындықтары бар студенттер - Жанжалдық жағдайлар - Мазасыздық пен ішкі қобалжу деңгейі
Мүмкіндіктер (Opportunities)	- Көшбасшылық қабілетін дамытатын жобалар - Топішілік бірлікті нығайту
Қауіп-қатерлер (Threats)	- Әлеуметтік оқшаулану - Топтан шеттелу

4. Қорытынды

Жалпы, сауалнама нәтижелері студенттердің университетке бейімделуі жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Студенттердің басым бөлігі өзін топта жайлы сезінеді, жаңа достар таба алған және оқу үдерісіне бейімделе алған. Алайда мазасыздық, жалғыздық, көшбасшылықтың жеткіліксіздігі және жанжал жағдайлары секілді мәселелер әлі де бар.

Егер ұсынылған шаралар жүзеге асырылса, студенттердің эмоционалдық саулығы жақсарып, бейімделу процесі анағұрлым тиімді болмақ.